

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ "№10 емхана" МКК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау жүргізу нәтижелері туралы
АНЫҚТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

26 мамыр 2025 жыл

Ішкі талдау объектісінің толық атауы: Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№10 қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (*бұдан кейін - Кәсіпорын*).

Ішкі талдау жүргізу негізі: Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18-ші қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2023 жылғы 16-шы қаңтардағы №21 санды бекітілген бұйрығына сәйкес, Кәсіпорын бас дәрігерінің 2025 жылы 11 сәуірінде "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" №74 н/қ бұйрығы негізінде жұмыс тобы құрылып, Кәсіпорынның қызметіндегі ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мерзімі:

14.04.2025 жыл – 26.05.2025 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды қамтитын кезең:

2024 жылдың IV тоқсаны мен 2025 жылдың I тоқсаны.

Жұмыс тобының жетекшісі: комплаенс-офицер Т.Ә.Турман.

Жұмыс тобының құрамы:

1. Г.С.Исмаилова - бөлімше меңгерушісі;
2. А.К.Шәкібай – бөлімше меңгерушісі;
3. М.У.Тулусбекова – мамандар бөлімінің басшысының м.а.;
4. Н.Т.Байзаков – заңгер.

Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, құқықтық актілерді талдау барысында Кәсіпорынның жұмыс тобы әкімшілік қызметкерлердің, медициналық

қызметкерлердің құжаттарын, сондай-ақ барлық бөлімшелердің құжаттарын тексерді. Талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

1. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау мақсатында, комплаенс қызметкер Кәсіпорынның жалпы тәжірбиелік бөлім және мамандандырылған бөлімдерінің науқастарынан анонимді жазбаша түрде сауалнама жүргізді. 50 науқас сауалнамаға қатысты. Сауалнамада Кәсіпорын жұмысының сапасын бағалау, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қатысты тәуекелдерді анықтауға арналған сұрақтар қойылған болатын. Сауалнама нәтижесі шығарылып Кәсіпорынның қызмет көрсету сапасы төмен бағаланған жағдайлар анықталып, бөлім мен бөлімше меңгерушілеріне, жалпы тәжірбиелік дәрігерлер мен мамандандырылған дәрігерлеріне Кәсіпорынның жалпы жиналыста сауалнама нәтижесі ескертілді. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты сұрақтарға, науқастар тарапынан тәуекелдер (индикаторлар) жоқ екені көрсетілген.

Жалпы штат саны орталықта штат кестесіне сәйкес, барлығы - 330,25 штат бірлігі бекітілді, оның ішінде: дәрігерлер – 75,25 шт.бірлік (нақты жұмыспен қамтылғандар - 67). Орташа медициналық қызметкерлер – 175 штат бірлік (нақты жұмыспен қамтылғандар - 172). Кіші медициналық персонал – 13 штат бірлік (нақты жұмыспен қамтылғандар - 13). Басқа да қызметкерлер – 64штат бірлік (нақты жұмыспен қамтылғандар - 51) декреттік демалысталаыста - 50. Жалпы бұйрықпен талдау кезеңі 2024 жылдың 4-ші тоқсаны мен 2025 жылдың 1-ші тоқсанына аралығында - Кәсіпорынға 36 қызметкер жұмысқа қабылданған. Жұмыстан босатылған қызметкерлер саны - 41; 2025 жылғы 31 наурызындағы жағдай бойынша Кәсіпорында бос жұмыс орындары – 4,75 штаттық бірлікті құрайды (стамотолог дәрігер-0,5,эндокринолог дәрігер-1,0, травматолог дәрігер-0,5, онколог дәрігер-0,75). Кассир - 1 штат бірлік, Байқау кеңесінің хатшысы - 1штат бірлік. Мамандарды жұмысқа қабылдау - ішкі бұйрықпен, жұмысқа қабылдау жөніндегі комиссиясы құрылған. Бос жұмыс орындары туралы мәліметтер электрондық еңбек биржасында орналастырылады (www.enbek.kz).

Кәсіпорында мамандардың ауысу себептері әлеуметтік мәселелердің болуы негізінен табылады.

Еңбек тәртібін талдау барысында 01.10.2024 - 31.03.2025 жылдар аралығында Кәсіпорында 18 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны анықталды. Кәсіпорын қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тартудың

негізгі себептері олардың өздеріне алған функционалдық міндеттерін тиісінше орындамауы болып табылады.

Сондай-ақ қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломы) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар тексерілді, барлық қызметкерлер тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

ҚР-ның Еңбек кодексінің 32-бабының 2,3-тармақшасына сәйкес кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында еңбек шартын жасасу үшін адам: адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы сияқты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады. Адам азаматтық қызметтің мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымына немесе квазимемлекеттік сектор субъектіндегі жұмысқа кірген кезде жұмыс беруші осы адамға қатысты оның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы талап етіп алдырады.

Кәсіпорынның жұмыс тобы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жеке істерінде 01.10.2024 - 31.03.2025 жж. уақыт кезеңінде ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есепке алу мәліметтеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы растайтын құжаттар бар.

2. Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың қамтыған кезеңі 01.10.2024 - 31.03.2025 жж. аралығында: 41 қызметкермен еңбек шарты бұзылған. Бұйрықпен таныстырылып, өз еңбек кітапшалары берілген, сонымен қатар 36 қызметкер жұмысқа жаңадан қабылданған. Жұмысқа қабылдау барысы ашық түрде өтіп, аттестациялық комиссия шешімімен қабылданған.

Кәсіпорынның жұмысы дұрыс әрі, науқастардың сапалы медициналық қызметтерді алу үшін, арыз-шағымдардың алдын алу мақсатында, қызметкерлерге бастапқы кіріс нұсқаулығы, жаңа қызметіне кірісу алдында техникалық қауіпсіздікпен таныстыру, қызметкерді басқа бөлімге, бөлімшеге ауыстыру барысында, қызметкерді лауазымға енгізу нұсқаулығын өткізу, сонымен қатар арнайы журнал жүргізіліп отыру керектігі туралы ұсыныс берілді.

Мүдделер қақтығысы бойынша ішкі талдау барысында Кәсіпорыны қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" ҚР Заңының 8-бабының 1-тармақшасына, 16-бабы 3-тармағының 7-тармақшасына сәйкес мемлекеттік биліктің, жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының органдары мен мекемелері ақпарат иелері болып танылады. "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" ҚР Заңының 8-бабының 1-тармақшасында көрсетілген ақпарат иелері өз құзыреті шегінде интернет-ресурстарда орналастыруға міндетті:

Кәсіпорынның сайтында "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" ҚР-ның Заңының талаптарына сәйкес барлық қажетті ақпарат бар.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары анықталмады.

4. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында жұмыс тобының ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты бұзушылықтар анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік қызметтер көрсету

	IV тоқсан 2024 жыл	I тоқсан 2025 жыл
Дәрігерді үйге шақыру	668	692

Дәрігердің қабылдауына жазылу	15469	16445
Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту	2904	2314
Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру	801	808
Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру	1031	1200
Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру	154	162
Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру	1093	591
Жедел медициналық көмек көрсету	1504	1784
Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру	0	0
Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу мүмкіндігіне құжаттарды қабылдау және қарау	0	0
Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру	29	18
Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру		
Санаторийлік-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру	31	12

Амбулаториялық тегін дәрі-дәрмектермен қамту

Қызметтер атауы	2024 жыл 12 ай орындалуы	2024 жыл 3 ай орындалуы	2025 жыл 3 ай орындалуы
СК-Фармация	372 534 618,82	55 533 559,92	74 218 410,36
0-1 жасқа дейінгі балалар тағамы	8 105 267,96	2 429 141,53	571 500,43
Жергілікті бюджет	82 706 874,35	74 028 869,8	16 216 868,00

6. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Кәсіпорын қызметінде рұқсат беру функцияларын асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады.

7. Арыз-шағымдар бойынша:

01.10.2024 – 31.12.2024 жж аралығында Кәсіпорында «е-Өтініш» бойынша ББСЖ базасына тіркелген жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

	<i>Барлық келіп түскен өтініштер</i>	<i>Жалпы қаралды</i>	<i>Мерзімі бұзыла отырып қаралды</i>	<i>Мерзімі бұзыла отырып қайта бағытталды</i>	<i>Есепті мерзімінің соңындағы қалдық</i>
Жалпы МО «е-Өтініш» АЖ-сі бойынша квази мемл., 100% мем.уч.	4	4	0	0	1

03.01.2025 – 31.03.2025 жж аралығында Кәсіпорында «е-Өтініш» бойынша ББСЖ базасына тіркелген жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

	<i>Барлық келіп түскен өтініштер</i>	<i>Жалпы қаралды</i>	<i>Мерзімі бұзыла отырып қаралды</i>	<i>Мерзімі бұзыла отырып қайта бағытталды</i>	<i>Есепті мерзімінің соңындағы қалдық</i>
Жалпы МО «е-Өтініш» АЖ-сі бойынша квази мемл., 100% мем.уч.	10	9	0	0	1

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау Комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментіне Кәсіпорынның атына 2025 жылдың 1-ші тоқсанында жеке тұлғалардан екі арыз түскен, екі арыз да ішінара негізделген.

«І Көмек-109» жүйесі бойынша жеке тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдар мен алғыс хаттар:

- 4-тоқсан 2024 жылға жалпы өтініш саны – 24;

соның ішінде: шағым – 21;

алғыс – 3.

- 1-тоқсан 2025 жылға жалпы өтініш саны – 24;

соның ішінде: шағым – 24;

алғыс – 0.

Түскен шағымдар бойынша толық қаралып, талқыланып, келтірілген уәж мәселелері бойынша шешімдерін тапқап, барлығыда негізделген.

8. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Кәсіпорыны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында жұмыс тобының қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты анықталмаған.

Кәсіпорын, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жұмыс, қызмет көрсету түрлері мен тауар алу бойынша 2024 жылдың 4-ші тоқсанында жалпы сомасы 7 846 000 теңгеге 9 және 2025 жылдың 1-ші тоқсанында жалпы сомасы 45 167 149,2 теңгеге 53 мемлекеттік сатып алу порталымен келісім шарттары жасалған.

Кәсіпорынның жұмыс тобы жүргізілген талдау барысында қаржы-шаруашылық қызметінің рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Байқау кеңесінің келісімі бойынша қатаң сәйкестікте жүргізілетіні анықталды.

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі мүмкін жағдайлар:

1. Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Нұсқамасы бойынша

ҚР Қаржы министрілігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (әрі қарай - Департамент) 2024 жылғы 15 қарашадағы №08-16/4228 санды хатымен түскен «Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы» Нұсқамасына сәйкес, №000240004425/240006/00 және №000240004425/230001/00 шарттарын жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен ҚҚС қоса есептегенде жалпы сомасы – 10 479 176 теңгеге жалпы 2 мемлекеттік сатып алу шарты жасалып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында он күн ішінде мемлекеттік сатып алу есебі орналастырылмағаны анықталған.

Бұл көрсетілген шарттар Кәсіпорынға қарасты ғимараттарға су және электр қуатпен қамтамасыз ету бойынша түзілген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңының 39 бабының 3 тармағының 1 тармақшасында, табиғи монополия салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтерін сатып алу немесе электр энергиясын кепілдендірген берушімен қоса электр энергиясын сатып алу-сату мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады делінген.

Сол себепті, көрсетілген шарттар заңды әрі негізді жасалған.

Бұдан бөлек, 14.06.2024 жылы №77 «RAMANOV» Раманов Максат Галымұлымен «Кәсіпорын ғимаратының желдету жүйелерін ағымдағы жөндеу жұмыстарын» баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жалпы – 8 775 000 теңгеге

мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып, 26.07.2024 жылы қосымша келісім шарт жасалып, қосымша 2 990 030 теңгеге қажеттіліктің ұлғайғандығын дәлелдейтін қосымша техникалық ерекшілік немесе дәлдеме құжат веб-порталға салынбағаны анықталған.

Ал, жасалған қосымша шарт бойынша қажеттіліктің ұлғайғандығын дәлелдейтін қосымша техникалық ерекшілік немесе дәлдеме құжат веб-порталға тексеру жүргізу барысында салынып, ол кемшілік жойылған.

Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 207 бабында, лауазымды адам камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама бақылау объектісіне табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жойған жағдайда, осы бапта көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Демек, мемлекеттік сатып алу бойынша сол кездегі жауапты маман Ә.Е.Отарқұлдың орын алған елеулі емес бұзушылықты дер кезінде өзі дербес жойғанын назарға алынды.

Департамент тарапынан «Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы» Нұсқамада мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы кемшіліктер уақытылы дер кезінде жойылған. Ал, бұл жасалған кемшіліктер бойынша жауапты, мемлекеттік сатып алу маманы Ә.Е.Отарқұлға 29.10.2024 жылғы №753 ж/қ санды бұйрықпен «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

2. Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Нұсқамасы бойынша

Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) түзген Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасына сәйкес, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№10 қалалық емхана» МКК-ны (бұдан әрі - Кәсіпорын) бағалы ұсыныстар сұрату тәсілімен жоспар тармағы бойынша қосымша келісім жіберген болатын. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі - Заң) 45-бабының 2-тармағының 3-тармақшасына сәйкес, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгермеуі талабымен мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгеріс енгізуге: осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауардың, жұмыстың, көрсетілген қызметтің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі талабымен сатып алынатын тауардың, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің көлеміне қажеттіліктің азаюына не ұлғаюына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттың сомасын азайту не ұлғайту бөлігіне жол беріледі. Лот туралы ақпаратты зердерлеу арқылы сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің растайтын құжаттары Шартқа сәйкес келмейтіндігі анықталған. Сондай-ақ, осы сатып алу бойынша растайтын құжаттарды анықтау мүмкін болмаған. Осы заңға сәйкес, бағалы ұсыныстар

сұрату тәсілімен жоспар тармағы бойынша қосымша келісім мемлекеттік сатып алуды жүргізу бөлігінде Заңның бұзылуына байланысты Департамент 2024 жылғы 13 желтоқсандағы №790000000-ЗЦП-29-316625 және №790000000-ЗЦП-29-316627 санды Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама Кәсіпорынға жолдаған. Хабарламаның орындау мерзімі 2024 жылдың 31-ші желтоқсанына дейін болған.

Осы анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарланы мерзімінде орындамағаны үшін Департамент тарапы Кәсіпорын бас дәрігері М.Г.Айтматовты лауазымды тұлға ретінде әкімшілік жауапкершілікке тартуға 17.03.2025 жылы Шымкент қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған аудан аралық сотына жолдаған.

3. Азаматша Нурполатова Бибикул Туребекованың арызы бойынша
2025 жылдың 26-шы наурызында Кәсіпорын тарапынан №14324767-1 мемлекеттік сатып алудың өткізу барысында №77585511-ЭЦП-1 лоты бойынша «қағаз сүлгілері» сипаттамасында мемлекеттік тілде ақпарат берілмеген және берілген қойылған бағалары лайықты емес деп азаматша Нурполатова Бибикул Туребековнадан арыз келіп түскен.

Арыз бойынша анықталғаны, Кәсіпорынмен №77585511-ЭЦП-1 лоты бойынша №14324767-1 мемлекеттік сатып алу ұйымдастырылып, өткізілген.

Нәтижесімен жеңімпаз анықталып, «қағаз сүлгілері» Кәсіпорынға жеткізіліп, қабылданып алынған.

Алайда, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарламаның «қағаз сүлгілері» сипаттамасында мемлекеттік тілде ақпарат берілмегені яғни, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4-бабының талаптары бұзылғаны анықталды.

Сондай-ақ, арызда көрсетілгендей басқа да бұзушылықтар бойынша уәждер өз дәлелін таппады.

Сол себепті, Кәсіпорын бас дәрігерінің 11.04.2025 жылғы №283 ж-қ санды бұйрығымен №14324767-1 мемлекеттік сатып алудың өткізу барысында №77585511-ЭЦП-1 лоты бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заң талаптарына бұзылуына жол бергені үшін мемлекеттік сатып алу маманы Д.Ж.Каржаубаевқа «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

4. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша

Кәсіпорында жұмысқа қызметкерлерді қабылдау барысында «Электрондық еңбек биржасы» порталына өтінім берілген жұмыссыз азаматтар «Жұмыспен қамту орталығының» жолдамасыменен қабылданады. Алайда, жұмыспен қамту орталығының жолдамасымен 2-3 азамат ниет білдіріп келуі мүмкін. Сол орайда, жұмыс іздеуші мен жұмыс беруші арасында тікелей жолығу, таныс тамырлық орын алып, тәуекелділікке әкеліп соғу ықтималдығы бар.

5. Медициналық техниканы уақытша тегін пайдалануға берілген медициналық жабдықтар туралы мәлімет («NeoMedTrade» ЖШС).

2023 жылдың наурыз айының 17-ші жұлдызында №04 санды және сол жылдың тамыз айының 8-ші жұлдызында №05 санды бір тараптан «NeoMedTrade» ЖШС-мен, 2024 жылы қыркүйек айының 01-ші жұлдызында №01 санды, екінші тараптан ШЖҚ «№10 қалалық емхана» МКК-ны «Медициналық техниканы уақытша тегін пайдалану туралы» келісім шарттарға тұрып, екінші тарапқа (Кәсіпорынға) төмендегі медициналық жабдықтарды уақытша тегін пайдалануға берген:

- 1) Кат. №H000001967 «ImmunoChem-2100 Microplate Reader» жартылай автоматты ферментті иммундық талдау – 1 дана (жалпы құны – 2 700 000тг);
- 2) Кат. №H000001661 «ImmunoChem-2600» микропластиналық жуғыш (жуғыш) стандартты пакет – 1 дана (жалпы құны – 2 453 500тг);
- 3) Кат. №H000001579 «ImmunoChem-2200 Microplate Shaker 4 Plates» 4 табақшаға арналған микропластиналық термошокер – 1 дана (жалпы құны – 2 696 500тг);
- 4) «SVC, V-1500-L» үздіксіз қуат көзі – 1 дана (жалпы құны – 150 000тг);
- 5) «HTI BioChem FC-120 Automated Chemistry Analyzer» – 1 дана (жалпы құны – 6 110 000тг);
- 6) «PLT3000ELCDRT2U3000VAJ2700W. U2 Rack/Tower» үздіксіз қуат көзі – 1 дана (жалпы құны – 535 000тг).

Осы келісімдерге қол қою кезінде берілген жабдықтардың жалпы құндары - **14 645 000** (құндары келісім шарттарда көрсетілген) теңгені құраған.

Аталған медициналық техниканы уақытша тегін пайдалану үшін медициналық жабдықтарға төмендегідей биохимиялық зертханалық реагенттерді алуға 2023 жыл мен 2024 жылға Кәсіпорын тарапынан жұмсалған қаражаттар мен жасалған келісім шарттар:

- 1) «NeoMedTrade» ЖШС-мен №ЦП-2023-001 санды 2023 жылға келісім шарттың қаржысы - 54 454 729,00 тг;
- 2) «AKBS Invest» ЖШС-мен №4 санды 2023 жылға келісім шарттың қаржысы - 16 233 234,00 тг;
- 3) «AKBS Invest» ЖШС-мен №49 санды (жеткізу мерзімі 31.12.2024ж) 2024 жылға келісім шарттың қаржысы - 50 630 145,93 тг;
- 4) «АА-Медикал» ЖШС-мен №3 санды (жеткізу мерзімі 31.12.2024ж) 2024 жылға келісім шарттың қаржысы - 8 372 859,00 теңгені құрайды.

Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қаржылық есептілік аудиті бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудиторы М.П.Жанабаев тарапынан 04.10.2024 жылы №104 санды жүргізген Аудиторлық есебе бойынша мәлімет:

Шымкент қаласы денсаулық басқармасының 2024 жылдың 04-ші сәуірінде шығыс №38-05-07/1350-ші медициналық ұйымдардың бірінші басшылығына

жолдаған хатына сәйкес, медициналық бұйымдар, ерітінділер, дезинфекциялық заттар, клинико-диагностикалық зертханалық заттар мен бактериологиялық зертхананың реагенттерін мемлекеттік сатып алу рәсімін ұйымдастырушы Басқарма болып табылатынын хабарлады. Сол себептен 2024 жылдың наурыз, сәуір, мамыр және маусым айларында реактивтер қозғалысы болмаған, зертхана жұмыс жасамаған және жоғары айтылған айларда реактивтердің негізгі реагенттері таусылып қалған. 2024 жылдың 1-ші шілдесінде №49 келісім-шарт «AKBS Invest» ЖШС-мен жасалып, сол жылдың шілде айынан бастап зертхана іске қосылған.

Сұрақ: келісім-шарттың 5 тармағының 5.2.3. тармақшасына сәйкес, НТИ,США реагенттерін бақылау және шығыс материалдарын қолдану міндетті.

17.03.2023 жылы №4 және 05.08.2023 жылғы №5 «Медициналық құралжабдықтарды тегін уақытша пайдалану» «NeoMedTrade» ЖШС-мен келісім шартының 5.2.3. тармақтарына сәйкес, реагенттердің барлығына сертификаттары бар: Реаг.удостоверение РК ИМН-5№017870 бар екені анықталды.

Сұрақ: Кәсіпорынға сатып алынған реагенттер мен медициналық қалдықтарды салатын қораптың кіріс-шығысына аудит.

Кәсіпорын мен «Vita Nova Farm» ЖШС-гі мен «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4-ші желтоқсандағы ҚР-сы Заңының 38-1 бабының негізінде «Электронды дүкен» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты 13.06.2023 жылы №43 келісім шартымен 5 035 000 теңгеге медициналық қалдықтарды сақтау мен жинастыруға арналған қорапша сатып алуға келісім шарт түзілген.

23.06.2023 жылы №502 жүк құжаты бойынша медициналық қалдықтарды сақтау мен жинастыруға арналған қорапшаларды 5 035 000 мең теңгеге алынған. 29.03.2023 жылы №836 төлем құжатымен аталған сома төленген.

Кәсіпорын мен «MediPak» ЖШС-гі мен «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4-ші желтоқсандағы ҚР-сы Заңының 38-1 бабының негізінде «Электронды дүкен» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты 01.02.2023 жылы №29 келісім шартымен 1 515 520 теңгеге медициналық қалдықтарды қаптайтын полиэтилен пакетін сатып алуға келісім шарт түзілген.

15.02.2023 жылы №30 жүк құжаты бойынша медициналық қалдықтарды қаптайтын полиэтилен пакеттен 2 515 520 теңгеге алынған. 07.02.2023 жылғы №272 төлем құжатымен аталған сома төленген.

ҚР-сы Үкіметінің 2021 жылғы 4-ші маусымдағы №375 қаулысы негізінде Кәсіпорын мен «NeoMedTrade» ЖШС-гі медициналық бұйымдарды сатып алу туралы шарты 03.04.2023 жылы №ІІІ-2023-001 келісім шартымен 54 454 729 теңгеге медициналық бұйымдарды сатып алуға келісім шарт түзілген. Сонымен қатар 27.12.2023 жылы №1 қосымша келісім-шарт түзіліп, шарттың сомасы 54 353 924 теңгеге азайтылған.

Реактивтер атаулары енгізілген №5 жүк құжаты бойынша 10.04.2023 жылы сомасы 10 942 338 теңге, 28 реактив атауларымен енгізілген №9 жүк құжаты бойынша 12.05.2023 жылы №сомасы 8 273 521 теңге, 29 реактивтер атауларымен енгізілген №12 жүк құжаты бойынша 03.07.2023 жылы сомасы 10 942 338 теңге, 26 реактивтер атауларымен енгізілген №14 жүк құжаты бойынша 03.08.2023 жылы 29.09.2023 жылы сомасы 5 794 631 теңге, 7 реактивтер атауларымен енгізілген №20 жүк құжаты бойынша 22.11.2023 жылы сомасы 5 414 700 теңге, 14 реактивтер атауларымен енгізілген №22 жүк құжаты бойынша 21.12.2023 жылы сомасы 3 064 858 теңгені құрайды.

11.04.2023 жылғы №434 төлем құжатымен 10 942 338 теңге;

15.05.2023 жылғы №548 төлем құжатымен 5 673 521 теңге;

30.05.2023 жылғы №652 төлем құжатымен 2 600 000 теңге;

10.07.2023 жылғы №845 төлем құжатымен 10 942 338 теңге;

15.08.2023 жылғы №974 төлем құжатымен 9 921 538 теңге;

01.10.2023 жылғы №1204 төлем құжатымен 1 500 000 теңге;

19.10.2023 жылғы №1221 төлем құжатымен 4 294 631 теңге;

24.12.2023 жылғы №1351 төлем құжатымен 8 479 558 теңгеге төленген.

ҚР-сы Үкіметінің 2021 жылғы 4-ші маусымдағы №375 қаулысы негізінде Кәсіпорын мен «AKBS Invest» ЖШС-гі медициналық бұйымдарды сатып алу туралы шарты 01.09.2023 жылы №4 келісім шартымен 33 959 219 теңгеге медициналық бұйымдарды сатып алуға келісім шарт түзілген. Сонымен қатар 04.12.2023 жылы қосымша келісім-шарт түзіліп, шарттың сомасы 16 233 234 теңгеге азайтылған.

Реактивтер атаулары енгізілген №1 жүк құжаты бойынша 05.09.2023 жылы сомасы 2 058 341 теңге, №2 жүк құжаты бойынша 06.09.2023 жылы сомасы 4 558 924 теңге, №3 жүк құжаты бойынша 12.10.2023 жылы сомасы 9 615 969 теңгені құрайды.

19.09.2023 жылғы №1098 төлем құжатымен 617 265 теңге;

29.10.2023 жылғы №1265 төлем құжатымен 1 000 000 теңге;

29.11.2023 жылғы №1330 төлем құжатымен 8 313 729 теңге;

06.12.2023 жылғы №1342 төлем құжатымен 302 240 теңгеге төленген.

Екі өнім берушімен алынған реактивтердің жалпы алған сомасы 70 587 158 теңге құрайтын реактивтерді кіріске алынған. 2023 жылы сәір айынан бастап желтоқсан айы аралығында кіріске алынған реактивтердің 59 175 500 теңгесі қолданылып, теңгерімнен шығарылады.

01.01.-31.12.2023 жылдың материалды ведомствовалық есебі бойынша жыл соңында құны 11 412,0 мың теңге құрайтын реактивті қалдықтар қалған. Кәсіпорындағы зертханалық тауарлар бойынша ішкі жолдамаларды «КМИС Даму Мед» порталынан, 2023 жылдың сәуір айынан бастап 31-ші желтоқсанына дейін жүктеме қосымша жүктеп алынды. Жүктеме қосымша бойынша 118 869 зертханалық жоладмалар жасалынып, 59 175 500 теңгені құраған.

2024 жылдың 1-ші қаңтарына реактивтердің қалдығы 11 412 023 теңгені құрайды. 2024 жылдың 31-ші шілдесіне 50 185 зертханалық жолдама жасалынып 31 172 900 теңге құраған. 2024 жылдың 1-ші шілдесінде реактивтердің қалдығы 5 325 500 теңге және де 11 270 000 төлем тапсырысы бойынша реактивтер кірісі болған.

Сонымен қатар тексеру барысында, Кәсіпорында құрылған түгіндеу комиссиясы мүшелерімен кәсіпорынның зертханашысы М.Нысанбекованың жауапкершілігіндегі реагенттерге түгіндеу жұмысы жүргізілді.

2024 жылдың 23-ші қыркүйегіндегі түгіндеп тексеру нәтижесі бойынша 2023 жылмен 23.09.2024 жылдың аралығында кіріс – 93 095 938 теңгені құраған, реактивтер шығыны – 84 347 433 теңге, қалдық 8 748 505 теңгені құраған. Түгіндеп тексеру нәтижесі бойынша артық немесе кем шығуы бойынша және бағдарлама сұрақтары келісім-шарт, жүк құжаттары, төлем құжаттары, кіріс-шығыс құжаттары, түгіндеу актілерімен салыстырып есептеу жұмыстары жүргізілгенде кемшіліктер анықталмаған – деп Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қаржылық есептілік аудиті бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудитору М.П.Жанабаев 04.10.2024 жылы №104 санды жүргізген Аудиторлық есебе тексеру Актісінде көрсеткен.

2025 жылға 2024 жылдан биохимиялық зертханалық реагенттердің 2 айлық қор қалдықтары тиісінше есептелгендей 2 айында толығымен игерілді.

Ал, 2025 жылы Кәсіпорын тарапынан биохимиялық зертханалық зерттеулер жүргізілмеуде, Кәсіпорынға қарасты тексерулері қажет науқастарға биохимиялық зертханалық зерттеулер осы жылға жолдамалар арқылы басқа зертханаларға (бірлескен орындаушыларға) жолдануда.

Кәсіпорын тарапынан 2025 жылы биохимиялық зертханалық зерттеу реагенттеріне мемлекеттік сатып алу бойынша өтінім берілмеді.

6. Бас дәрігердің орынбасарын мүдделер қақтығысына байланысты ротациялау туралы ұсыныс

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығының талаптарына сәйкес, медициналық ұйымдардың (*Емхана, аурухана және т.б.*) бас дәрігерлерінің орынбасарларына да ротация, яғни жұмыс орнын әрбір 4 жыл сайын ауыстырып отыру қажет деп санаймын.

Өйткені, көптеген медициналық ұйымдарда, бас дәрігердің орынбасарлары бір жұмыс орынында көп жылдан бері қызмет атқарып келеді (10 жылдан астам уақыт басшылық қызмет лауазымдарында отырған жәйіттер кездеседі).

Өз кезегінде, бұл орын алып отырған үрдістің салдарынан ұзақ жылдардан бері бір медициналық ұйымда бас дәрігердің орынбасары қызметін атқарып

отырған лауазым иелері өздеріне тікелей бағынысты қызметкермен (қызметкерлермен) жақын туыстық байланыс/аффилирленген қатынас, соның салдарынан шешім қабылдауға жеке мүдденің ықпал ету, қызметтік этика мен басқарушылық шешімдердің бейтараптығын сақтау мүмкіндігінен мүдделер қақтысы туындайды.

Сол себепті, көптеген ұзақ жылдардан бері басшылық қызмет лауазымдарында отырған медициналық ұйымдардың бас дәрігерлерімен оның орынбасарын ротациялауды ұсынамын.

7. Қолданыстағы Қағиданың («07.06.2023 ж. №110 бұйрықпен бекітілген») 117-тармағына өзгеріс енгізу туралы ұсыныс.

Атап айтқанда, шарт бағасы айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 2000 еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайларда да өнім берушілерден шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізу талап етілуі тиіс. Бұл «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 43-бабының 11-тармағына сәйкестендіру үшін қажет және барлық өнім берушілер үшін бірдей талап қою арқылы кәсіпкерлік субъектілері арасындағы тең бәсекелестік жағдайын қамтамасыз етеді.

Қағидаға жосықсыз өнім берушілерді тануға байланысты нормалар енгізу қажет.

Қазіргі уақытта Қағидада шарт жасасудан жалтарған, жалған ақпарат ұсынған немесе келісімшарт міндеттемелерін орындамаған өнім берушілерге қандай да бір жауапкершілік көзделмеген. Бұл жағдай «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабына қайшы келеді. Сондықтан Қағидаға жосықсыз өнім берушілерді анықтау және оларды басқа сатып алуларға жібермеу механизмдерін енгізу ұсынылады.

Қағида мен Мемлекеттік сатып алу туралы заң арасындағы сәйкессіздіктерді жою ұсынылады.

Бір құқықтық алаңда жұмыс істейтін кәсіпкерлер үшін құқықтық талаптардың әртүрлі болуы – заң алдындағы теңдік және әділеттілік қағидаттарын бұзады. Сондықтан Қағиданы қайта қарап, оны мемлекеттік сатып алу жүйесінің негізгі принциптерімен үйлестіру қажет.

8. Қолданыстағы Қағидаға өзгеріс енгізу туралы ұсыныс

Қағидалардың 1-параграфының 24-тармағына сәйкес, егер дәрі-дәрмек, медициналық құрал-жабдық немесе фармацевтикалық қызметтер тендер арқылы сатып алынатын болса, онда тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы осы сатып алу туралы ақпаратты өзінің ресми сайтында жариялауы керек. Бұл хабарландыру өтінім қабылдау аяқталатын күннен кем дегенде 20 күн бұрын, ал егер бұл қайта өткізілетін тендер болса – 15 күн бұрын жариялануы тиіс.

Бірақ іс жүзінде бұл талапты орындау кезінде бірқатар қиындықтар туындайды. Себебі әрбір денсаулық сақтау ұйымының өз сайты бар және ол сайттарды табу оңай емес. Сатып алулар туралы хабарландырулар бірыңғай, баршаға қолжетімді бір платформада орналастырылмаған. Бұл дегеніміз, кәсіпкерлер үшін денсаулық сақтау ұйымдарының қай кезде қандай сатып алу жариялағанын білу қиынға соғады.

Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – ақпараттың ашық болмауы. Егер барлық хабарландырулар бір жерге топтастырылып, жалпыға қолжетімді сайтқа жарияланса, кәсіпкерлер сатып алулар туралы дер кезінде біліп, тендерге қатысуға мүмкіндіктері болар еді. Қазіргі жүйе бұл процесті қиындатып отыр.

9. Қолданыстағы Қағидаға өзгеріс енгізу туралы ұсыныс

Қағиданың 2-параграфы, 47-тармағында былай делінген: тендерге қатысқысы келетін әлеуетті өнім беруші өзінің тендерлік өтінімін (құжаттарын) тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптарға сай дайындап, өтінім қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін **жабық күйінде** тапсырыс берушіге немесе ұйымдастырушыға тапсыруы керек.

Іс жүзінде бұл талап **қағаз түрінде құжат тапсыруды** білдіреді – яғни қатысушы ұйым немесе кәсіпкер өзінің ұсынысын конвертке салып, пошта (мысалы, Қазпошта арқылы) арқылы немесе қолма-қол апарып тапсырады.

Мәселе мынада:

Қазіргі заманда барлық ресми құжаттар электронды форматта жүргізіледі, мемлекеттік органдар да біртіндеп цифрландыруға көшіп жатыр. Бірақ тендер өтінімдерінің әлі күнге дейін қағаз жүзінде қабылдануы – бұл өте артта қалған әдіс. Оның үстіне, бұл тәсіл бірқатар **сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін** тудырады.

Нақты қауіптер:

- Басқа қатысушылар бір-бірінің құжаттарымен таныса алмайды, яғни **ашықтық жоқ**.

- Өтінімдер жабық түрде келгендіктен, **тендерлік комиссия құжаттарды өз қалауынша қарастыруға мүмкіндік алады**, бұл – әділетсіз шешімдер мен алалаушылыққа жол ашады.

- Қолма-қол құжат қабылдау кезінде **құжаттарды ауыстыру, жасырып қалу немесе алдын ала қарау мүмкіндігі жоғары**, бұл да сыбайластыққа апарады.

Қорыта айтқанда, қағаз түрінде өтінім қабылдау – қазіргі электрондық үдерістерге қайшы әрі **әділ және ашық бәсекеге кедергі** келтіретін тетік. Мұндай тәсілді жою және электрондық форматқа көшу – сыбайластықтың алдын алуға, ашықтықты қамтамасыз етуге және барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасауға септігін тигізеді.

10. Қолданыстағы Қағидаға өзгеріс енгізу туралы ұсыныс

Қағиданың 5-параграфы, 68-тармағына сәйкес, тендердің қорытындысы шыққаннан кейін 3 күн ішінде тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы барлық тендерге қатысқан өнім берушілерге қорытынды хаттаманы интернет-ресурсқа орналастыру арқылы хабарлауы тиіс.

Алайда осы талапты орындау барысында да тәуекелдер бар.

Нақты мәселе:

Қорытынды хаттама тендерлік комиссия тарапынан қолмен жасақталады. Бұл дегеніміз – кім жеңімпаз болды, қандай негізде таңдалды деген сияқты маңызды ақпаратты комиссия өздері қолмен енгізеді немесе құжат түрінде жасайды.

Мұндай қолмен толтырылатын хаттаманың салдары:

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелін арттырады – өйткені шешім қабылдау барысы мен нәтижелерді бұрмалау мүмкіндігі пайда болады.

- Қорытындыны дайындау кезінде түпкілікті деректермен ойнау немесе жеңімпазды алдын ала белгілеу ықтималдығы жоғары.

- Ашықтық пен әділдік принциптері бұзылады, ал бұл басқа қатысушылардың құқықтарын шектеуге алып келуі мүмкін.

Қорытынды:

Қазіргі таңда мұндай маңызды құжаттар электрондық жүйе арқылы автоматты түрде жасақталуы тиіс, яғни жеңімпаздарды таңдау және қорытынды шығару процестері жүйеде тіркеліп, тексеруге болатын форматта жүзеге асқаны жөн. Бұл ашықтықты қамтамасыз етіп қана қоймай, шешімдердің заңдылығына деген сенімді арттырады және сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді.

11. Мемлекеттік сатып алуды орталықтандыру мәселелері туралы ұсыныс

2018 жылғы 29 желтоқсандағы №1127 ҚР Қаржы министрінің бұйрығымен «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі» бекітілген болатын. Бұл бұйрыққа 2022 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес, облыстық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары конкурс және аукцион тәсілдерімен мемлекеттік сатып алулар өткізу құқығына айырылды. Қазіргі таңда мұндай сатып алуларды тек орталандырылған облыстық, қалалық мемлекеттік сатып алу басқармалары жүзеге асыруда.

Алайда бұл тәжірибе бірқатар жүйелі мәселелерге әкеп соғуда. Облыстық басқармаларда қызметкерлер санының шектеулі болуы мен мемлекеттік сатып алулар көлемінің көптігіне байланысты конкурстарды уақытында өткізу мүмкін болмай отыр. Нәтижесінде денсаулық сақтау саласындағы аса маңызды қызметтер мен тауарларды сатып алу мерзімінде жүзеге аспай, халыққа қызмет көрсету сапасына теріс әсерін тигізуде.

Сонымен қатар, бұйрықтың қолданылуы біркелкі емес. Республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан денсаулық сақтау ұйымдары 20 000 АЕК-ке дейінгі конкурстық сатып алуларды өздері жүзеге асыра алатын болса, облыс орталықтарындағы дәл осындай ұйымдар бұл құқықтан айырылған. Мәселен, Алматы қаласындағы емхана өз бетінше конкурс өткізе алса, Түркістан қаласындағы емхана мұндай құқыққа ие емес. Бұл тәжірибеде теңсіздік тудырып отыр.

Осыған байланысты, қазіргі жүйеде облыстық мемлекеттік сатып алу басқармаларының лауазымды тұлғаларында кең ауқымды дискрециялық өкілеттіктер шоғырланған. Бұл мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай арттырады. Мемлекеттік сатып алуларды, оның ішінде жол жөндеу, мектеп салу, жедел жәрдем автокөліктерін жөндеу, ауруханаларға азық-түлік сатып алу секілді алуан түрлі салаларды бір ұйымға шоғырландыру аталған ұйымның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ұлғайтатындығы анық және бір ғана органның басқаруына беру мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ашықтығына күмән туғызады.

12. Камералдық бақылау аясында орын алып отырған артық тексерулер мәселесі туралы ұсыныс

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының» 25-тармағына сәйкес, уәкілетті органның ведомствосы (Ішкі мемлекеттік аудит комитеті) камералдық бақылау сапасына мониторинг жүргізе алады. Бұл норма, негізінен, камералдық бақылаудың сапасын қамтамасыз ету үшін енгізілген.

Алайда соңғы уақытта осы тармаққа сүйене отырып, Ішкі мемлекеттік аудит комитеті мен оның аумақтық департаменттері мемлекеттік сатып алу рәсімдері толық аяқталып, жеңімпаз анықталғаннан кейін де қосымша тексерулер жүргізіп, шарт жасасу процесін кідіртіп отыр. Бұл — нақты заң бұзушылық анықталған жағдайлар болмаса да, сатып алу процесін негізсіз созуға алып келуде.

Мұндай жағдайлар бірнеше проблемаларға себеп болып отыр:

- Мемлекеттік сатып алулардың мерзімінде аяқталмауы;
- Сатып алушылар мен жеткізушілер арасындағы шарттар уақытылы жасалмауы;
- Жергілікті деңгейде қызмет көрсетуге кедергі келуі (мысалы, ауруханалар мен мектептердегі қажетті заттардың кешігуі).

Бұдан бөлек, Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне бұрын болмаған, заңда нақты көрсетілмеген қосымша өкілеттіктердің қалыптасуы байқалады. Мұндай артық өкілеттіктер бақылаушы органдардың тарапынан жағдайды өз қалауынша бағалауға жол ашады. Бұл — шешім қабылдаудағы ашықтық пен заңдылық қағидаларына қайшы келеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыруы мүмкін.

Осыған орай, төмендегідей ұсыныстарды енгізу қажет:

1. Ішкі аудит органдарының тексеру өкілеттіктерін нақты шектеу және оларды заң аясында реттеу;
2. Камералдық бақылаудың сапасын тексеру процесін сатып алудың негізгі мерзімдеріне кедергі келтірмейтіндей етіп ұйымдастыру;
3. Қайталанатын тексерулерге жол бермеу үшін бір орган тарапынан берілген қорытынды екінші қайтара қарастырылмауы тиіс;
4. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын органдар мен аудит қызметтері арасында өкілеттіктердің тепе-теңдігін сақтау.

13. Жұмысқа жарамсыздық парағын ашуы туралы ұсыныс

Медициналық мекемелерде бас дәрігер мен оның орынбасарларының өз мекемесінде өз атына немесе бір-біріне жұмысқа жарамсыздық парағын (больничный лист) ашуы — этикалық, құқықтық және мүдделер қақтығысы (конфликт интересов) мәселесін тудырады. Бұл жағдай келесі себептерге байланысты мүдделер қақтығысы ретінде қарастырылады:

1) Объективтілік пен бейтараптықтың болмауы

Бас дәрігер немесе оның орынбасары өзінің немесе әріптесінің денсаулық жағдайын бағалағанда объективті болмауы мүмкін. Бұл олардың шешіміне әсер етіп, құжаттың заңсыз немесе негізсіз берілуіне алып келуі ықтимал.

2) Қызметтік жағдайды теріс пайдалану

Өзінің лауазымдық өкілеттігін пайдаланып, бас дәрігер немесе оның орынбасары өзіне немесе жақын әріптесіне пайда келтіру мақсатында жұмысқа жарамсыздық парағын заңсыз түрде беруі — қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану болып табылады. Бұл еңбек және денсаулық сақтау заңнамасын бұзуы мүмкін.

3) Қоғамдық сенімділікке нұқсан келтіру

Медициналық мекемеде адалдық пен ашықтық қағидаттарын сақтау өте маңызды. Мұндай әрекеттер мекеменің беделіне кері әсер етіп, қоғамдық сенімге зиян келтіруі мүмкін.

Шешім және ұсыныстар:

- Тәуелсіз медициналық ұйымға жүгіну:

Бас дәрігер немесе орынбасары жұмысқа жарамсыздық парағын алу қажет болса, өзге, тәуелсіз медициналық ұйымға (емхана, аурухана, жеке клиника) жүгінуі керек, немесе басқарма тарапынан осындай жағдайларды қадағалау үшін қаладағы бір емханаға бекітіп жүктеп қою керек.

- Ішкі этикалық кодекстерді әзірлеу:

Мекеме ішкі нормативтік актілерінде (этикалық кодекс, ішкі ережелер) лауазымды тұлғалардың өз мекемесінде жұмысқа жарамсыздық парағын ашуына тыйым салатын ережелер бекітілуі қажет.

- Қадағалау органдарының рөлі:

Денсаулық сақтау басқармалары мен бақылаушы органдар мұндай жағдайларды тексеріп, алдын алу шараларын жүргізуі тиіс.

14. Тәуекелдікке жол бермеу жолдамамен жіберілген жұмыссыз азаматтармен тікелей байланыс орнату яғни, комиссия мүшелерімен, жұмыс берушімен конкурс арқылы жүргізу және онлайн әңгімелесу өткізу ұсынылады.

15. Тәуекелдікке жол бермеу үшін жеңілдік қарастырылған келушілерге тұрақты түрде тегін қызмет алатындығын ескертіп отыру. Басшылық тарапынан қадағалау жұмыстарын жүргізіп отыру қажет.

Қорытындылар:

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында бұзушылықтар анықталған жоқ. Жұмыс тобына Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі жұмыстарды жалғастырып отырады.

2024 жылдың маусым мен шілде айлары аралығында амбулаториялық емдеу ғимаратында желдету жүйесін ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ағымдағы жөндеу кезінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы бұзушылықтар анықталған жоқ.

Емханаға қаралуға келген ауру балалардың ата-аналарымен және науқастар арасында сауалнамалар тұрақты түрде жүргізіледі, сондай-ақ, кәсіпорынының қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына түсіндіру іс-шаралары тұрақты жүргізілді.

Кәсіпорынның құрылымы туралы ақпарат

ШЖҚ "№10 қалалық емхана" МКК-ны МСАК мәртебесіне ие, өз қызметін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің барлық қолданыстағы бұйрықтарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес жүзеге асырады. Ауысымдағы нақты қуаттылығы 450-500 келуші.

Емханада аймақ саны – 25 (ЖТД – 25), жалпы халық саны – 37 208, соның ішінде бөлімшелер:

- «Қайтпас-1» ДА бөлімшесі, «Қайтпас» ш/а., Қаһарман көшесі, №48 ғимараты – 11 аймақ, 16 337 адамға қызмет көрсетеді;

- «Бейінді мамандар» бөлімшесі, «Қайтпас» ш/а., Алматы көшесі, №25 ғимараты;

- «Қайтпас-2» ДА бөлімшесі, «Қайтпас» ш/а., Төлеметов көшесі, №790А ғимараты – 4 аймақ, 6 517 адамға қызмет көрсетеді;

- «Қайнарбұлақ» саяжай ДА бөлімшесі, - «Қайнарбұлақ» т.а., №142/2 ғимараты - 10 аймақ, 14 354 адамға қызмет көрсетеді.

Кәсіпорында - 65 дәрігер, 172 орта буын қызметкерлері жұмыс жасайды.

Кәсіпорынның қызмет көрсету аумағында жалпы 7 мектеп жұмыс істейді, соның ішінде: 4 – мемлекеттік жалпы орта білім беретін мектептері, 3 – жекеменшік мектептері, жалпы оқушы саны – 8 883.

Емханаға қабылдау 13 мамандық бойынша жүзеге асырылады.

МСАК-тың ұйымдық құрылымына мыналар кіреді:

- Функционалдық диагностика кабинеттер: ЭКГ бөлмесі, ультрадыбыстық кабинет, рентген кабинеті, ФГ кабинеті, зертханалық қызмет, спирография, ЭЭГ, реабилитациялық кабинет;

- Бейінді мамандар бөлімі (акушер-гинекология, стоматология, оттоларингология, офтальмология, неврология (балалар, ересектер), хирургия, эндокринология (балалар, ересектер), онколог, мамолог, педиатр, эпидемиолог, реабилитолог, инфекционист, гастроэнтеролог, кардиолог (балалар, ересектер);

- 30 төсектік күндізгі стационар;

- Жедел медициналық мобилдік тобы;

- Егу орталығы;

- Сүзгілеу;

- Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету кабинеті;

- Дәрігерге дейін қарау кабинеті;

- Реаблитация;

- Дені сау бала кабинеті.

Мекеменің техникалық жабдыкталуы

Кәсіпорынның медициналық жабдыкталуы 81,5 процентін құрайды, оның ішінде тозығы жету проценты 70,9-ды құрайды. Емханамыз төртінші санаттағы авто көлікпен жабдықталған және де медициналық құрал жабдықтармен қамтылған. Медициналық көмекті жылдам және сапалы көрсету үшін мекемеіздегі медициналық құрал жабдықтардың атаулары: УЗИ аппарат, Электрокардиограф многоканальный автоматический режим ЭК12Т мод. Альтон 106 в комплекте, ЭКГ Холтер, Стоматологиялық құрал, Оптический

поляризационный Плантаскоп, Фотоэлектрокалориметр АЕ-30, Электрокардиограф «Cardio Care 2000», Аппарат для лечения диадинамическими токами «Тонус-Бр», Аппарат лазерной терапии «Лазмик-Влок», Аппарат магнитотерапевтический АЛМАГ 03, Аппарат Поток-1, лабораторияға арналған медициналық құралдар (центрифуги лабораторные, аквадистилляторы, экспресс анализаторы мочи, сухожировые аппараты, медициналық микроскоптар).

2021 жылы алынған медициналық құрал жабдықтар: Система диагностическая ультразвуковая в вариантах исполнения XARIO 200G пр. Canon Medical құны – 48 740,0 тн, ЭКГ Холтер 2 дана – 4 768,35 тн.

2024 жылы Кәсіпорында жалпы 9 дана медициналық құрал жабдықтар алынды. Оның ішінде: велоэргометр – 1 дана, құны 19989,00 теңге; спирометр – 1 дана, бағасы 4368,00 теңге; операцияға арналған жылжымалы светильник – 1 дана, бағасы 3686,00 теңге; электроэнцефалограф – 1 дана, құны 5500,00 теңге; дефибриллятор – 2 дана, жалпы құны 10990,00 теңге; аудиологический скрининг – 2 дана жалпы құны 10990,00 теңге; УЗИ НЕКА - 1 дана, бағасы 71000,00 теңгені құрайды.

2024 жылдың желтоқсан айында Кәсіпорынның теңгеріміне жаңа «Kia Ceed» жедел жәрдем авто көлігі алынды.

Кәсіпорынның амбулаториялық емдеу бөлімшесінде «Иммундық ферментті талдау» (ИФА) қондырғысына арнайы бөлме жабдықталып қазан айында іске қосылған. Зертханаға жартылай автоматты иммунофермент, микропластиналық жуғыш, 4 табакшаға арналған микропластиналық термиялық шейкер және үздіксіз қуат көзі сияқты медициналық қондырғыштар осы жылға уақытша мерзімге тегін пайдалану келісім шартпен пайдалануға алынды.

2024 жылдың қазан айында Шымкент қаласының Қаржы басқармасының 2024 жылғы 10-шы сәуірдегі шыққан №78 санды бұйрығына сәйкес, «3 жұмыс орнына арналған стационарлық рентгендік диагностикалық кешені» медициналық мүлікті ШЖҚ «№4 қалалық емхана» МКК-ны теңгерімнен Кәсіпорынның теңгеріміне «қабылдау-өткізу» актісі арқылы аударылып бекітіліп жұмыс жасалды.

2025 жылдың ақпан айында қабылдауда отыратын 65 дәрігер мен 4 мейірбикеге бейне камерасымен қамтамасыз етіліп орнатылды.

Ғимараттар мен Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпараттар

Екі ғимаратты қалалық Қаржы басқармасымен жалға берілген. Қалған 5 ғимаратымыз қолданыста:

- ▶ «Достық» ш/а., н/үй - дәрігерлік амбулатория бөлімше ғимараты, 2023 жылдан бастап жалға берілуде;
- ▶ «Асар» ш/а., н/үй – дәрігерлік амбулатория бөлімше ғимараты, 2019 жылдан бері жалға беруде;
- ▶ «Қайтпас» ш/а., Қаһарман к-сі, №48 дәрігерлік амбулатория бөлімше ғимараты – 2010 қолданысқа берілген, қазіргі таңда 100% тозығы жеткен;
- ▶ «Қайнарбұлақ» с/ж., №142/2 дәрігерлік амбулатория бөлімше ғимараты – 2022 жылы қолданысқа берілген, қазіргі таңда 55 % тозығы жеткен;
- ▶ «Қайнарбұлақ» ауылы, Т.Құрасбеков к-сі, н/үй амбулатория бөлімше ғимараты - 2003 жылы қолданысқа берілген, қазіргі таңда 100 % тозығы жеткен;
- ▶ «Ақжайық» ш/а., №790А дәрігерлік амбулатория бөлімше ғимараты – 2018 жылы қолданысқа берілді. Қазіргі таңда 75 % тозығы жеткен;
- ▶ «Тұран» ш/а., №384 амбулатория бөлімше ғимараты - 2022 жылы қолданысқа берілген, қазіргі таңда 55 % тозығы жеткен;
- ▶ «Қайтпас» ш/а., Жамауов к-сі, 84 амбулатория бөлімше ғимараты (әкімшілік) – 2013 жылдан бері кәсіпорын теңгерімінде, қазіргі таңда 100% тозығы жеткен;
- ▶ «Қайтпас» ш/а., Жамауов к-сі, 84 – амбулатория бөлімше ғимараты (әкімшілік- шаруашылық) – 2020 жылы салынған, қазіргі таңда 65 % тозығы жеткен.

2025 жылға ағымдағы жөндеу жұмыстары мамыр айынан бастап қараша айына дейін қарастырылған, жалпы құны – 28654,3тг.

Оның ішінде:

- ▶ «Қайтпас» ш/а., Жамауов к-сі, №84 әкімшілік ғимараты – 408,0тг;
- ▶ «Қайнарбұлақ» с/ж., №142/2 бөлімше ғимараты – 10 959,3тг;
- ▶ «Қайтпас» ш/а., Қаһарман к-сі, №48 бөлімше ғимараты – 9 862,0тг;
- ▶ «Ақжайық» ш/а., №790А бөлімше ғимараты – 7 425,0тг.

Кәсіпорынның Даму жоспары

- Қызметкерлерді Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес" заңдарымен таныстыру және енгізу;
- Кредиторлық және дебиторлық берешекті болдырмау;
- Жеке тұлғалардан Call Center өтініштерімен жұмыс;

- Медициналық көмектің сапасын жақсартуға ықпал еткен қызметкерлерге қосымша жеңілдіктер беруге қатысу;
- МӘМС бойынша тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын мейлінше арттыру және сақтандырылған тұрғындар санын көбейту;

Кәсіпорында одан әрі қызмет барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу жөніндегі ұсынымдары:

Кәсіпорынның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес, барлық талаптардың қатаң орындалуын ұстануын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстарын жүргізу.

Медициналық қызметкерлер мен науқастар арасындағы арыз-шағымдардың алдын алу мақсатында, медициналық қызметкерлер сапалы медициналық қызметтер көрсетіп этикалық Әдеп кодексін қатаң сақтап және этикалық нормаларды бұзған жағдайлар бойынша қызметкерлерді этикалық комиссияда қарауды.

"Жұмыспен қамту орталығында" бос жұмыс орындары туралы хабарландыру және Еңбек kz Порталына енгізу.

"Еңбек кодексі", Әдеп кодексі, "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары бойынша қызметкерлерімен түсіндіру жұмыстарын барлық уақытта жүргізу ұсынылды.

Ішкі талдау қорытындысы бойынша жұмыс тобы міндетті түрде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Кәсіпорынның одан әрі қызметі барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бойынша іс-шаралар жүргізетін болады. Жоспарлар әзірленіп, осы бағытта жұмыс істейтін боламыз және сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын тұрақты түрде жиі жүргізеді.

Жұмыс тобының жетекшісі:

Т.Ә.Турман



комплаенс-офицер

Жұмыс тобының құрамы:


1. Г.С.Исмаилова




2. А.К.Шәкібай



3. М.У.Тулусбекова



4. Н.Т.Байзаков



Танысты:

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ

"№10 қалалық емхана" МКК-ны

бас дәрігерінің у.м.а. Р.С.Тохтанова

